



БҰЙРЫҚ

2019 м. 24.10

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№

440-0

город Караганда

**Қарағанды облысының
қызмет көрсетілетін
тұрғындарын қайта бөлу
туралы**

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 5 қаңтардағы №7 «Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ережені бекіту туралы» бұйрығына, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 28 сәуір 2015 жылғы № 281 «Бастапқы медициналық – санитариялық көмек көрсету қағидаларын және азаматтарды бастапқы медициналық – санитариялық көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Халыққа бастапқы медициналық-санитариялық көмек қызметтерінің барынша қол жетімділігін қамтамасыз ету, учаскелерді ірілендіру үшін,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «1 балалар емханасы» ЖШС директоры М. И. Матвейчук (келісім бойынша), «Медицинская фирма Гиппократ» ЖШС Н. Ю. Хохлова (келісім бойынша) 2019 жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде қызмет көрсетілетін халықты (бала туу жасындағы әйелдер (18 – ден 49 жасқа дейін) және 0-ден 17 жасқа дейін 11 ай 30 күн балаларды) 1-қосымшаға сәйкес, мекенжайлар бойынша қабылдау-тапсыру бойынша іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етсін.

2. «1 балалар емханасы» ЖШС директоры М. И. Матвейчук (келісім бойынша) бала туатын жастағы әйелдерге (18-ден 49 жасқа дейін) және 0-ден 17 жасқа дейінгі балаларға 11 ай 30 күнге медициналық көмек көрсетуді 2019 жылғы 1 қарашадан бастап 1-қосымшаға сәйкес қамтамасыз етсін.

3. «Қалалық алғашқы медициналық – санитарлық көмек орталығы» ЖШС директоры Т. П. Баширова(келісім бойынша), «Қарағанды қаласының

№8 емханасы» ЖШС Е. М. Оспановқа (келісім бойынша) 2019 жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде 2 – қосымшаға сәйкес мекен-жайлар бойынша қызмет көрсетілетін халықты қабылдау-тапсыру бойынша іс-шаралар өткізуді қамтамасыз етсін.

4. «Қарағанды қаласының №8 емханасы» ЖШС директоры Е. М. Оспановқа (келісім бойынша) 2019 жылғы 1 қарашадан бастап 2-қосымшаға сәйкес мекен-жайлар бойынша тіркелген халыққа медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етсін.

5. «Қалалық алғашқы медициналық – санитарлық көмек орталығы» ЖШС директоры Т. П. Баширова (келісім бойынша), «Медицинская фирма Гиппократ» ЖШС директоры Н. Ю. Хохлова (келісім бойынша) 2019 жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде 3 – қосымшаға сәйкес мекенжайлар бойынша қызмет көрсетілетін тұрғындарды қабылдау-тапсыру бойынша іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етсін.

6. «Гиппократ медициналық фирмасының» ЖШС директоры Н. Ю. Хохлова (келісім бойынша) 2019 жылғы 1 қарашадан бастап 3-қосымшаға сәйкес мекен-жайлар бойынша тіркелген халыққа медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етсін.

7. «Қарағанды қаласының №1 емханасысы» КМК директоры Р. С. Разиева, «Clinic Miras» ЖШС директоры А. К. Мырзағалиева (келісім бойынша) 2019 жылғы 1 қарашаға дейін 4 – қосымшаға сәйкес мекенжайлар бойынша қызмет көрсетілетін тұрғындарды қабылдау-тапсыру бойынша іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етсін.

8. «Clinic Miras» ЖШС директоры А. К. Мырзағалиева 2019 жылғы 1 қарашадан бастап 4-қосымшаға сәйкес мекенжайларға бекітілген халыққа медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етсін.

9. «Сәтбаев қаласының Емханасы» КМК директорының м.а. Б. Ж. Үсембаева, «Жезқазған медициналық орталығы» ЖШС директоры (келісім бойынша) В. М. Моторыкин 2019 жылдың 1 қарашасына дейінгі мерзімде 5 – қосымшаға сәйкес мекен-жайлар бойынша қызмет көрсетілетін тұрғындарды қабылдау-тапсыру бойынша іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етсін.

10. «Жезқазған медициналық орталығы» ЖШС директоры В. М. Моторыкинге (келісім бойынша) 2019 жылғы 1 қарашадан бастап 5-қосымшаға сәйкес мекен-жайлар бойынша тіркелген халыққа медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етсін.

11. Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасы қоғамдық денсаулық қызметі бөлімінің басшысы Б. Р. Төлегенова:

11.1. халықты қайта бекітуге сәйкес скринингтердің жылдық жоспарларына өзгерістер енгізсін;

11.2. халықты қайта бекітуді ескере отырып, вакцинацияның жылдық жоспарына өзгерістер енгізсін.

12. «Облыстық туберкулезге қарсы диспансер» КМК директоры Қ. О. Исмаилов халықты қайта бекітуге сәйкес флюорографиялардың жылдық жоспарларына өзгерістер енгізсін;

13. Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасы дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімінің басшысы А. Қ. Рахымжанова бекітілген Халықты «СК-Фармация» ЖШС амбулаториялық деңгейде тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін дәрілік заттарға қосымша қажеттіліктің берілуін бақылауды қамтамасыз етсін.

14. «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» РМҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры А. В. Рождественскийге (келісім бойынша) қызмет көрсетілетін тұрғындарды қабылдау-тапсыруды іске асыруға ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдау көрсетуді қамтамасыз етсін.

15. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Ф. К. Копобаев (келісім бойынша) 2019 жылғы қарашадағы шығындарды өтеу кезінде енгізілген өзгерістерге сәйкес Қызмет көрсетілетін халықтың нақты санын есепке алсын.

16. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының Амбулаториялық-емханалық көмекті дамыту және үйлестіру бөлімінің басшысы Д. Е. Байкеноваға жүктелсін.

**Қарағанды облысының
денсаулық сақтау
басқармасының басшысы**



Е.Ш. Нурлыбаев